

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 31 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 140 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 маусымдағы № 326 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2016 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1255 және 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. "Құғын-сүргін кезеңінде бұрынғы Кеңес Одағының түрлі аймақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгерту тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 31 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 2, 23-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 4 а қ п а н д а ғ ы

N 1 4 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Паспорттар мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 тамыздағы N 684 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 33, 499-қ ұ ж а т) :

1) тақырып пен 1-тармақта "Паспорттар" деген сөзден кейін ", жеке куәліктер" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "паспортындағы" деген сөзден кейін "және жеке куәлігіндегі" деген сөздермен толықтырылсын, "ішкі істер" деген сөздер "әділет" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес берілетін ақтау туралы анықтамалар негізінде Қазақстан Республикасының аумағына қуғын-сүргін кезеңінде күштеп қоныс аударылған Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарындағы, жеке куәліктері мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуге ерекше түрде рұқсат етілсін.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Паспорттар мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны ө з г е р т у е р е ж е с і н д е :

тақырыпта "Паспорттар" деген сөзден кейін ", жеке куәліктер" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармақта "паспортындағы" деген сөзден кейін "және жеке куәлігіндегі" деген сөздермен толықтырылсын, "ішкі істер" деген сөздер "әділет" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Паспорттағы", "ішкі істер" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы азаматының паспортындағы немесе жеке куәлігіндегі", "әділет" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

а) тармақшасы алынып тасталсын;

г) тармақшасында "паспорты" деген сөз "Қазақстан Республикасы азаматының паспорты немесе жеке куәлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"паспорт бөлімшесі" деген сөздер "әділет органы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"жаңа паспорт" деген сөздер "Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспортын немесе жеке куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ішкі істер" деген сөздер "әділет" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта "байланысты" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспорты немесе жеке куәлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ф-1 өтінішінде Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін айырбастау себебі және соның негізінде Қазақстан Республикасы азаматының паспортындағы немесе жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазба өзгертілген туу туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі.

Егер бұрын Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін басқа әділет органы берген болса, оған Ф-1 өтінішінде белгі қою үшін Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспорты немесе жеке куәлігі берілгені туралы хабарлама жіберіледі.";

6-тармақтың екінші абзацында "паспорты" деген сөз "Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "паспорты", "жаңа паспорт", "ішкі істер" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы азаматының паспорты немесе жеке куәлігі", "Қазақстан Республикасы азаматының жаңа паспорты немесе жеке куәлігі", "әділет" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта "паспортындағы" деген сөзден кейін "және жеке куәлігіндегі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.19 № 498 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 15 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.27. N 1301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

